

«Ailin» balalar bobekjai bagshasy»

Педагогикалық кенес хаттамасы №1

Қатысқандар:11

Қатыспағандар:-

Мерзімі: 29 тамыз

Тақырыбы:«Аталар,аналар, әжелер мектебінің маңызы»

Мақсаты:

әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі
ұйымның күш-жігерін біріктіру;

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылының педагогикалық кенес мүшелерін анықтап, хатшы сайлау
2. Жаңа оқу жылының 2024-2025 Мектепке дейінгі ұйым нұсқау хатын талқылау 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту, (*тәрбиешілердің перспективалық жоспарын бекіту*)
3. «Аталар, аналар, әжелер» мектебінің маңызы
4. А.Ажибайова мен Ш.Абдилакимована педагог-модераторға біліктілік санатын арттыруға ұсыну туралы.

Тындалды бөбекжай-бақша менгерушісі: М.А.Давидбекова Бірінші мәселе бойынша педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төраға), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен катар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып М.Ермахан сайланғандығын естеріне түсіріп етті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер А.Ажибайова

Әдіскер А.Ажибайова 2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кенес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отыргандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кенес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші М.Ермаханды сайлауды ұйғарды

Екінші мәселе бойынша Әдіскер А.Ажибайова

Әдістемелік нұсқау хатта:

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік күжаттарды қолдану (*сілтемелер*);
 - тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
 - балаларға қазақ тілін үрету;
 - вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
 - экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;
 - мерекелік шараларды ұйымдастыру;
 - мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
 - «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
 - ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылғандығы туралы айтты. Сонымен катар Биылғы 2024-2025 жылғы нұсқау хатта Экологиялық мәдениет пен қазақ тілінің дамуына, Әкелер мектебі мен Аналар мен әжелер мектебіне аса назар қойылғандығы айтылды.

Биылғы жылдық жоспарда Айтылған пункттер бойынша ерекшеліктер бар екендігі айтылды.

Биылғы жылға дайындалған топтардың перспективалық жоспарын бағдарламаға сәйкес келетіндігін жас ерекшеліктеріне сай екендігін айта отырып, жоспарды бекітті.

Үшінші мәселе бойынша Әдіскер А.Ажибайова

Балабақшалар жаңында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру туралы мәліметтерді айта отырып жоспарды бекітті. Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру үшін отбасы мен МДҰ-ның тығыз ынтымақтастығы қажет.

Ата-аналарды педагогикалық процеске тарту үшін:
балаларды дамыту мен тәрбиелеуде отбасының және МДҰ-ның күш- жігерін біріктіру, әр тәрбиленушінің отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату;
ата-аналарды, тәрбиленушілер мен педагогтерді өзара түсіністік, ортақ мұдделер, қарым-қатынаска оң көніл-күй және қайырымды өзара қолдау атмосферасын құру;
ата-аналармен және балалардың заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастық орнату үшін педагогтерді даярлау қажет екеніндігін айтты.

Бұл бағыттарды іске асыруда балабақшалар жаңында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл шағын қауымдастықтың міндеті - ата-аналар мен балалардың арасында қарым-қатынас мәдениетін дамыту, өзара түсіністік, екіжақты сыйластық, сыпайылық сақтау, мейірімділік таныту, үлгі болу (ата-аналар, педагогтер және басқалар үшін), ұрпактар сабактастығын тәрбие жүйесіне енгізуіндік тиімді жолдарын карастыру қажет деді.

МДҰ және отбасы тандемінде ұрпактар сабактастығының икемді және қолайлы жағдайларын жасай отырып, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар көзі болып табылатын өмір бойы жалғасатын процесс ретінде тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру қажет. Қоғамда баланы тәрбиелеу және оның дамуы үнемі бірлескен әлеуметтік ортаға интеграцияланған. Бұл – ұлттық мәдени кодка, іс- әрекеттің тәуелсіздігіне, Отан мен ана тіліне деген еркіндік пен мақтаныш сезіміне сүйене отырып, қазіргі заман жағдайында баланың бойында өмірлік дағдыларды қалыптастыру қағидатының негізі екендігін атап айтты.

Төртінші мәселе бойынша Менгеруші М.Давидбекова педагогтардың өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттырмаған А.Ажибайова мен Ш.Абдилакимова педагог-модераторға біліктілік санатын арттыруға ұсынылсын.

Шешім: - 2024-2025 оку жылының МДҰ жоспары , Топтардың перспективалық жоспары бекітілсін.

-Педкес хатшысы бекітілсін.

-Әкелер мен аналар мектебі жоспары бекітілсін

-МДҰ ның бакылау мен басшылық жоспары бекітіп әдіскерге бақылау жүктелсін.

- А.Ажибайова мен Ш.Абдилакимована педагог-модераторға біліктілік санатын арттыруға ұсынылсын.

Кенес төрайымы:  **М.А.Давидбекова**

Хатшы:  **М.Ермакан**

«Ailin» balalar bobekjai bagshasy»

БҮЙРЫҚ №17

29.08.2024 жылғы

Қарасу ауылы

Педагог қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

- Педагог қызметкерлері А.Ажибайова мен Ш.Абдилакимова аттестаттауын жүргізу үшін 1 -қосымшаға сәйкес аттестаттау комиссиясы, 2- косымшаға сәйкес сараптамалық кеңес құрылсын.
- Комиссия төрайымдары аттестация және сараптамалық комиссия отырысын үйімдастырысын және нәтижесі негізінде білім беру бөліміне рәсімделген ақпаратты 3-қосымшаға сәйкес ұсынсын.
- Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Ailin» balalar bobekjai
bagshasy» менгерушісі:



М.А.Давидбекова